

Орнықты даму саласындағы ақпаратты ашу жөніндегі ұлттық жол картасы

Қазақстан Республикасында ХҚЕС
(IFRS S1 және S2) орнықты даму бойынша
ақпаратты ашу стандарттарын енгізудің
кезеңдік тәсілі

Бұл басылым Еуропалық Одақпен қаржыландырылған. Әзірлеме «Орнықтылық және оны басқару туралы ақпаратты ашу орталығы (SDMH)» бағдарламасы, Еуропалық Одақты тұрақты қаржыландыру жөніндегі Консультациялық орталықтың құрамдас бөлігі және «Global Gateway» бастамасы шеңберінде БҰҰДБ-мен жүзеге асырылды. Оның мазмұны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің айрықша жауапкершілігі болып табылады және Еуропалық Одақ пен БҰҰДБ-ның көзқарасын білдірмейді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ) - БҰҰ-ның кедейліктен туындаған әділетсіздіктермен, теңсіздіктермен және климаттың өзгеруімен күресетін жетекші ұйымы. 170 елдегі сарапшылар мен серіктестердің кең желісімен жұмыс істей отырып, біз адамдар мен ғаламшар үшін интеграцияланған, ұзақ мерзімді шешімдерді жасауға көмектесеміз.

Біз туралы undp.org сайтынан көбірек біліңіз немесе @UNDP-ға қосылыңыз.

Мазмұны

Аббревиатуралар мен қысқартулардың тізбесі	4
Алғысөз	5
1. ҚР-да IFRS (ХҚЕС) S1 және S2 стандарттарын енгізуге нарық пен нормативтік ортаның дайындығын бағалау	6
1.1. Корпоративтік есептілік саласындағы негізгі нормативтік және әдіснамалық құжаттарды талдау	7
1.2. Нарықтың ХҚЕС S1 және S2 бойынша есептілікке дайындығын талдау	8
1.3. ХҚЕС S1 және S2 енгізудің халықаралық практикасын салыстырмалы талдау	10
2. Қазақстан Республикасында ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын енгізу жөніндегі жол картасы	11
2.1. SSB Roadmap Development Tool құралы бойынша ХҚЕС S1 және S2 юрисдикциялық енгізу моделі	12
2.2. Қазақстан Республикасында ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын енгізу жөніндегі жол картасы	15

Аббревиатуралар мен қысқартулардың тізбесі

1-кесте. Қолданыстағы аббревиатуралар мен қысқартулардың тізімі

АҚ	Акционерлік қоғам
РӘТ	Реттеушілік әсерді талдау
ҚНРДА	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
НҚА	Нормативтік құқықтық акт
БҰҰДБ	Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы
ҚР	Қазақстан Республикасы
AIX	Астана халықаралық биржасы
ESG	Экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық факторлары
ESRS	Орнықты даму саласындағы еуропалық есептілік стандарттары
GRI	Жаһандық есеп беру бастамасы
ISSB	Орнықты даму стандарттары жөніндегі халықаралық кеңес
KASE	Қазақстан қор биржасы
S1	Орнықты даму туралы ақпаратты ашу бойынша ХҚЕС S1 стандарты
S2	Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктер туралы ақпаратты ашу бойынша ХҚЕС S2 стандарты
SASB	Орнықты даму саласындағы есепке алу стандарттары жөніндегі кеңес
TCFD	Климатқа байланысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі жұмыс тобы
TSRS	Түркияның орнықты даму саласындағы есептілік стандарттары

Алғысөз

Осы құжат Қазақстан Республикасының ХҚЕС S1 және ХҚЕС S2 стандарттарына көшуге дайындығын талдау нәтижелерін жинақтайды, сондай-ақ осы стандарттарды дәйекті енгізуді қамтамасыз етуге арналған Жол картасының негізгі кезеңдерін сипаттайды. Орнықты есептіліктің халықаралық талаптарына көшу жасыл экономиканың ұлттық тұжырымдамасы мен көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын іске асыру аясындағы қисынды қадам болып табылады.

Құжат енгізу мақсаттарын бірыңғай түсінуді, мемлекеттік органдар мен нарық қатысушылары арасындағы шешімдердің келісімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы Жол картасының әдіснамалық негізі IFRS Foundation ұсынған тәсілдер мен құралдарға, және де ең алдымен – ХҚЕС S1 және ХҚЕС S2 орнықты дамуы саласында ақпаратты ашу стандарттарын жоспарлау және енгізу кезінде бүкіл әлем бойынша юрисдикцияларды қолдау үшін әзірленген Roadmap Development Tool (ISSB) құралына сүйенеді. Сондай-ақ, қолданыстағы корпоративтік есептілік жүйесін, нормативтік базаны, институционалдық құрылым мен халықаралық практикаларды бағалауды қамтитын Қазақстанның нарығы мен нормативтік ортасының әзірлігін талдау нәтижелері қосымша ескерілді. Дайындықты талдау ҚР-дағы компаниялар есептілігінің ХҚЕС S1 және ХҚЕС S2 талаптарына сәйкестік деңгейін, сондай-ақ реттеуді және есептілік практикасын жетілдіру үшін негізгі бағыттарды айқындауға мүмкіндік берді.

Орнықты даму тәуекелдерінің ашықтығының, салыстырмалылығының және басқарылуының өсіп келе жатқан мәнін ескере отырып, ХҚЕС S1 және S2 енгізу экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қолдау, инвесторлардың сенімін арттыру және халықаралық сауда серіктестерімен байланыстарды нығайту үшін қажетті шарт ретінде қарастырылады.

Жол картасы процестің барлық қатысушылары – реттеушілер, бизнес, кәсіби қоғамдастық үшін практикалық бағдар болып табылады. Ол әрбір кезеңдегі компанияларды қолдау әрекеттерінің дәйектілігін, мерзімдерін, түйінді міндеттері мен тетіктерін айқындайды. Жол картасын іс жүзінде іске асыру үшін мүдделі тараптар арасында үйлестіруді және стандарттарды кезең-кезеңімен енгізу үшін қажетті шешімдерді бірлесіп әзірлеуді, келісуді және сүйемелдеуді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жетекшілігімен Жұмыс тобы құрылатын болады.

Ұзақ мерзімді мақсат – бұл компаниялардың барлық санаттары үшін ХҚЕС S1 және S2 (және орнықты даму саласындағы кейінгі ХҚЕС стандарттарын) толық енгізу. Жол картасында көрсетілген тәсіл компанияларға кезең-кезеңімен бейімделуге, ішкі процестердің сапасын арттыруға және халықаралық қаржыландыруға қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік береді. Ұсынылған Жол картасы жүйелі көшуге негіз болып, орнықты және бәсекеге қабілетті экономиканы одан әрі дамытуға жағдай жасайды.

**ҚР-да IFRS (ХҚЕС) S1
және S2 стандарттарын
енгізуге нарық пен
нормативтік ортаның
дайындығын бағалау**



Жол картасын әзірлеу шеңберінде Қазақстан Республикасы нарығының ХҚЕС S1 және ХҚЕС S2 стандарттарын енгізуге дайындық деңгейі ескерілді. Бұл үшін Қазақстандағы нарықтың және нормативтік ортаның дайындығына жеке бағалау жүргізілді, оның нәтижелері ұсынылатын шаралардың және кезең-кезеңмен енгізудің негізіне айналды.

Осы бағалау шеңберінде келесі міндеттер орындалды:

- корпоративтік есептілік саласындағы негізгі нормативтік және әдіснамалық құжаттарға талдау жүргізілді;
- нарықтың ХҚЕС S1 және ХҚЕС S2 бойынша есептілікке дайындығын талдау;
- ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын енгізу мен қолданудың халықаралық практикасына салыстырмалы талдау жүргізілді.

1.1. Корпоративтік есептілік саласындағы негізгі нормативтік және әдіснамалық құжаттарды талдау

Орнықты даму туралы есептілік саласындағы мынадай нормативтік-әдіснамалық құжаттар талданды:

- экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару өлшемшарттары бойынша есепті жасау әдістемесі, «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE)
- бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашыларының ақпаратты жария ету қағидалары, «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE)
- экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару мәселелері бойынша есептілік үшін ақпаратты ерікті түрде ашу жөніндегі нұсқаулық (ESG), Astana International Exchange (AIX)
- банктер мен басқа да қаржы ұйымдары үшін экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (Environmental, Social and Corporate Governance, ESG) саласындағы ақпаратты ашу жөніндегі басшылық, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚРҚРА)

- экологиялық есептілік және парниктік газдар шығарындыларын реттеу саласындағы нормативтік құжаттар, толығырақ 1-қосымшаны қараңыз.

Жүргізілген талдау орнықты даму туралы ақпаратты ашу саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік базасы қалыптасу сатысында екенін және жалпы алғанда ХҚЕС S1 және S2 стандарттарының талаптарына орташа деңгейде сәйкестік танытатынын көрсетті.

Қолданыстағы нормативтік және әдістемелік құжаттар ХҚЕС S1 және S2 халықаралық стандарттарының ережелерін ішінара көрсетеді, алайда қазіргі уақытта ақпаратты ашуға кешенді және біркелкі тәсілді қамтамасыз етпейді.

Түйінді шектеулер ESG-факторлар мен климаттық тәуекелдердің компаниялардың стратегиясына, бизнес-моделіне және қаржылық көрсеткіштеріне әсерін жеткіліксіз көрсетумен, сондай-ақ сандық өлшемдерді, сценарийлік талдауды және орнықты даму мүмкіндіктерін ашуды шектеулі пайдаланумен байланысты. Оған қоса, құжаттардың көпшілігі ұсынымдық сипатта және түрлі секторлардың компаниялары үшін шектеулі міндетті болып табылады.

1.2. Нарықтың ХҚЕС S1 және S2 бойынша есептілікке дайындығын талдау

Қазақстандық нарықтың ХҚЕС S1 және S2 бойынша ақпаратты ашуға дайындығын талдау мыналарды қамтыды:

- әртүрлі секторлар компанияларының орнықты дамуы туралы есептерді зерделеу;
- 120-дан астам респонденттерге онлайн-сауалнама жүргізу.

Компаниялардың есептерін талдау ұйымдардың директорлар кеңестері мен бейінді комитеттер деңгейінде бекітілген орнықты даму мен климаттық тәуекелдерді басқарудың формальды құрылымдары бар екенін көрсетті.

Ең жетілген ашылулар «Басқару» және «Тәуекелдерді басқару» элементтері бойынша байқалады, мұнда орнықты даму және

климаттың өзгеруіне бейімделу мәселелерін бақылау және интеграциялау процестері корпоративтік басқаруға енгізілген. Сонымен қатар, стратегия, метрикалар және мақсаттар бойынша ашып көрсетулер негізінен сапалық сипатта, ал ESG және климаттық факторлардың қаржылық көрсеткіштерге әсерінің сандық бағалары, сценарийлік талдау және мүмкіндіктерді ашып көрсетуі шектеулі деңгейде берілген.

Онлайн-сауалнамаға экономиканың түрлі салаларынан және әртүрлі көлемдегі ұйымдардың атынан 120-дан астам респондент қатысты. Қатысушылардың көпшілігі қаржы секторын, сондай-ақ мұнай-газ және энергетика салаларын ұсынды.

1-сурет. Қызметті жүзеге асыратын компаниялар өкілдерінің онлайн-сауалнамасының нәтижелері



Онлайн сауалнама нәтижелері ірі листингілеуші компаниялар арасында, ең алдымен, ESG-инфрақұрылым элементтері қалыптасқан және ішкі регламенттер қолданылып жүрген капиталды көп қажет ететін секторларда стандарттарды енгізуге біршама жоғары дайындықты көрсетеді (1-суретті қараңыз):

- бағалы қағаздары биржаларда айналысқа түсетін компаниялар халықаралық стандарттар бойынша (әсіресе GRI, SASB, TCFD бойынша) есептілікті дайындауға неғұрлым көп тартылатынын көрсетеді. Жария емес компаниялар ESG-есептілікті көбінесе жарияламайды немесе ішкі, формалдандырылмаған тәсілдерді пайдаланады;
- ірі ұйымдар ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын енгізуге ең жоғары дайындық дәрежесін көрсетеді. Респонденттердің 70% -дан астамы жиынтығында түрлі мерзімде стандарттар бойынша ақпаратты ашуға көшуді жоспарлайды;
- қаржылық, мұнай-газ және энергетикалық секторлар TCFD және/немесе SASB қолданудың неғұрлым белсенділігін көрсетеді.

Осылайша, орта мерзімді перспективада ХҚЕС S1 және S2 стандарттары бойынша ашуға көшу ниеті қатысушылардың көпшілігінде көрініс тапты, алайда ESG-есептілікті әзірге жарияламайтын немесе стандарттарды енгізуді жоспарламайтын компаниялардың елеулі үлесі сақталуда, бұл кезең-кезеңмен енгізу қажеттігін растайды.

Қосарланған маңыздылық және интероперабельділік

Сауалнама нәтижелері бойынша компаниялардың бір бөлігі қосарланған маңыздылық бағалауды жүзеге асырып жатқаны анықталды. Бұл ұйымдар сондай-ақ GRI, SASB, TCFD, ESRS және басқаларды қоса алғанда, бір мезгілде бірнеше стандарттарды қолданудың тұрақты үрдісін көрсетеді. Мұндай практика бірқатар компаниялардың қаржылық маңыздылықты және әсерлердің маңыздылығын бағалау негізінде ақпаратты ашуды қамтамасыз етуге дайындығын куәландырады.

Осыған байланысты орта мерзімді перспективада ҚЕХС S1, S2 стандарттарында талап етілетін қаржылық маңыздылықтан қосарлыққа деген көзқарасты кезең-кезеңмен кеңейту мүмкін; есептілік практикасының, әдістемелік базаның және ішкі және сыртқы нарық талаптарының дамуына қарай.

Нарық орнықты даму саласындағы ақпаратты ашу практикасының әркелкілігін және компаниялар мен секторлар арасындағы көзқарастардың жетілу деңгейіндегі айырмашылықты көрсетеді, бұл қосымша әдіснамалық, білім беру және реттеушілік қолдау қажеттілігін қалыптастырады.

1.3. ХҚЕС S1 және S2 енгізудің халықаралық практикасын салыстырмалы талдау

Сондай-ақ, Нидерланды, Қытай, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания, Сингапур және Түркияны қоса алғанда, Қазақстан экономикасына ірі инвесторлар қатарына кіретін бірқатар юрисдикцияларда ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын енгізу практикасына салыстырмалы талдау жүргізілді. Бұл талдаудың мақсаты реттеудің тәсілдерін, субъектілерді қамтуды, маңыздылық өлшемшарттарын, енгізу мерзімдерін және есептілікті растау модельдерін, содан кейін Қазақстанда стандарттарды енгізудің табысты тәсілдерін қолдану жөніндегі ұсынымдарды айқындау болды.

Талдаудың кейбір қорытындылары:

- Көптеген елдер ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын дайындау және кезең-кезеңмен енгізу сатысында;
- Түркия ерекшелік болып табылады, өйткені олар ХҚЕС S1 және S2 баламалы TSRS ұлттық стандарттары арқылы міндетті түрде қолдануды енгізді;
- Басқа елдерде енгізу қолданыстағы ұлттық немесе өңірлік талаптармен стандарттарды үйлестіру жолымен жүзеге асырылады;
- Енгізу процесінде мемлекеттік реттеушілер мен биржалық құрылымдар шешуші рөл атқарады;
- Есептілік субъектілерін қамту, ашылатын ақпараттың көлемі мен кезеңділігі біртіндеп кеңейеді.

Талдау қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы үшін нарық пен нормативтік ортаның әзірлігіне қарай міндетті есептілікке кезең-кезеңмен көшуді көздейтін бейімдеу тәсілін қолдану ұсынылады.

Бұл құжаттың негізгі тұжырымдары Қазақстан Республикасының ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын енгізу жөніндегі жол картасын әзірлеу бойынша ұсынымдар дайындау үшін пайдаланылды.

Қазақстан Республикасында IFRS (ХҚЕС) S1 және S2 стандарттарын енгізуге нарық пен нормативтік ортаның дайындығын бағалаудың толық нұсқасы осы құжатқа 1-қосымшада қолжетімді.

**Қазақстан
Республикасында
ХҚЕС S1 және S2
стандарттарын енгізу
жөніндегі жол картасы**



2.1. SSB Roadmap Development Tool құралы бойынша ХҚЕС S1 және S2 юрисдикциялық енгізу моделі

Жол картасын әзірлеу барысында орнықты даму туралы ақпаратты ашу жөніндегі талаптарды енгізуге ұлттық тәсілді қалыптастыратын негізгі шешімдер белгіленді. Жол картасы Roadmap Development Tool (ISSB) юрисдикциялық енгізу құралы ұсынған төрт түйінді

сұраққа жауап беретіндей құрылымдалған: «қалай», «кім», «не» және «қашан» (2-суретті қараңыз). Бұл блоктар өзара байланысты және ұлттық деңгейде тәсілді іс жүзінде іске асыру үшін қажетті келісілген шешімдер жиынтығын көрсетеді.

2-сурет. Қызметті жүзеге асыратын компаниялар өкілдерінің онлайн-сауалнамасының нәтижелері

ҚАЛАЙ?

РЕТТЕУ ПРОЦЕСІ

- Стандарттарды қолдануға арналған құқықтық және нормативтік шарттар
- Негізгі органдар мен мүдделі тараптар арасындағы үйлестіру

ҚАШАН?

ДАЙЫНДЫҚ

- Effective date of the standards
- Phased transition of reporting entities to the standards
- Transitional reliefs



КІМ?

ЕСЕП БЕРЕТІН ҰЙЫМДАР

- Жария мүдделі ұйымдар
- Нарық сегменттері

НЕ?

ТАЛАПТАР

- Стандарттарды қолдану ерекшеліктері
- Ашып көрсетулерге қойылатын қосымша талаптар (GRI)
- Есептіліктің форматы және орналасуы
- Қайталануды болдырмау үшін талаптарды үйлестіру

Қалай?

Реттеуші процесс: осы блок шеңберінде Жол картасы стандарттарды қолданудың құқықтық және нормативтік шарттарын айқындайды, сондай-ақ келісілген енгізу үшін қажетті түйінді мемлекеттік органдар мен мүдделі тараптар арасындағы үйлестіру тетіктерін сипаттайды.

Негізгі міндеттер:

- ҚР ҚМ басшылығымен **ведомствоаралық Жұмыс тобын құру** және оны ХҚЕС S1 және S2 стандарттарына оқытуды ұйымдастыру.
- **ХҚЕС S1 және S2 енгізуге реттеушілік тәсілді айқындау.** Жаңарту (немесе жаңаларын әзірлеу) үшін НҚА тізбесін келісу.
- **Аударма.** Стандарттардың тікелей аудармасын пайдалану және оларды ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, барынша аз бейімдеу.
- ХҚЕС S1 және S2 стандарттарына сәйкес есептілікті ерікті түрде ашу туралы **НҚА жобасын әзірлеу.**
- Қолданыстағы НҚА-ға өзгерістер енгізу не ХҚЕС S1 және S2 (және кейінгі стандарттарға) сәйкес міндетті **есептілікті көздейтін жаңа НҚА әзірлеу.**
- **ҚР ҚМ жанынан мемлекеттік реттеуіштер мен компанияларды оқыту үшін әріптестердің қолдауымен онлайн-платформа құру.**

Кім?

Есеп беретін ұйымдар: Жол картасы жария мүддені ұйымдастыруға және ашуды енгізу капитал нарықтарына ықпал ету және инвесторлардың күтулері тұрғысынан неғұрлым релевантты болып табылатын өзге де нарықтық сегменттерге назар аударатырып, стандарттар талаптарына сәйкес келетін ұйымдар шеңберін белгілейді.

Негізгі міндеттер:

- Барлық үш немесе бірнеше өлшемшарттарға жататын ұйымдардың жекелеген санаттары үшін міндетті ретінде ХҚЕС S1 және S2 бекітілсін:
 - Биржадағы бағалы қағаздар листингі
 - Компанияның өлшемі
 - Салалық тиістілік
 - ХҚЕС бойынша қаржылық есептіліктің болуы.
- ШОБ үшін икемді тәсіл мен жеңілдіктер ұсынылады.
- Мыналарды қамтитын есептілік шекараларына тәсілді бекіту:
 - Қаржылық есептілік шекаралары
 - Құн құрудың барлық тізбегі бойынша маңызды ESG және климаттық тәуекелдерге қамтуды кеңейту.

Қашан?

Дайындық: Жол картасы стандарттардың күшіне енуінің болжамды күнін белгілейді және нарықтың дайындық деңгейін ескере отырып, есеп беретін ұйымдардың кезең-кезеңімен көшуін көздейді. Қажет болған жағдайда талаптардың үйлесімділігін және енгізу мерзімдерінің шынайылығын қамтамасыз

етуге мүмкіндік беретін өтпелі жеңілдіктер көзделеді.

ХҚЕС S1 және S2 көшуді біртіндеп жүргізу ұсынылады: алдымен ерікті түрде, содан кейін міндетті түрде (2–3-кестелерді қараңыз)

2-кесте. Ерікті және міндетті негізде ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын қабылдаудың ұсынылатын мерзімдері

Есепті кезең үшін есепті дайындау:	Ерікті	Міндетті
2026 ж.	S2	-
2027 ж.	S1+S2	S2
2028 ж.	-	S1+S2

3-кесте. Мөлшеріне байланысты компаниялардың түрлері үшін ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын қабылдаудың ұсынылатын мерзімдері

Міндетті есептілікке арналған есепті кезең	2027	2028	2029	2030	2031	2032
1-толқын – Белгіленген шекті мәндерден асатын жария компаниялар (бағалы қағаздары биржада бағаланады), ұлттық компаниялар және ірі қаржы мекемелері	S2	S2 + S1				
2-толқын – Белгіленген шекті мәндерден асатын ірі жария емес компаниялар			S2	S2 + S1		
3-толқын – Белгіленген шекті мәндерден асатын өзге де компаниялар мен қаржы мекемелері					S2	S2 + S1

Не?

Талаптар: Жол картасы кеңейтілген ашулар үшін, оның ішінде GRI стандарттары бойынша ықтимал қосымша талаптарды қоса алғанда, стандарттарды қолдану ерекшеліктерін және ашулар құрамын сипаттайды. Сондай-ақ есептіліктің форматына және орналастыруға көзқарастар, сондай-ақ талаптарды үйлестіру және әртүрлі негіздемелік тәсілдер мен ұлттық талаптар арасындағы қайталауды барынша азайту жөніндегі шаралар айқындалады.

Негізгі міндеттер:

- ХҚЕС S1 және S2 бойынша есептілік форматын айқындау:
 - Интеграцияланған (жылдық есептілік құрамында) және/немесе
 - Қиылысу сілтемелері бар жеке есеп.
- Қаржылық есептілікпен бір мезгілде ХҚЕС S1 және S2 бойынша есептілікті жариялау мерзімі бекітілсін.
- **Аудит жүргізу қажеттілігі туралы шешім қабылдау** (limited assurance).

- S1 және S2 ХҚЕС бойынша аудиторлардың **біліктілігі, лицензиялау және бақылау қағидаларын, оның ішінде олардың құзыреттеріне қойылатын талаптарды және сапаны бақылау тәртібін** әзірлеу.

Осы Жол картасында ұсынылатын қадамдар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің басшылығымен Жұмыс тобы қабылдаған талқылау және шешімдер нәтижелері бойынша аздап нақтылануы мүмкін.

2.2. Қазақстан Республикасында ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын енгізу жөніндегі жол картасы

Жол картасы стандарттарды енгізуге дайындықтың негізгі бағыттарын көрсететін және алдыңғы кіші бөлімде сипатталған барлық төрт сұраққа жауаптарды қамтитын алты бөлімнен тұрады. Сондай-ақ, жол картасы S1 және S2 ХҚЕС стандарттарын енгізу бойынша жұмыс процесін бақылауға және ұйымдастыруға арналған трекерді қамтиды.

1-бөлім Стандарттарды енгізудің реттеуші және ұйымдастырушылық аспектілері

Бастапқы кезеңде ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын енгізу процесін үйлестіру үшін бірқатар мүдделі тараптар өкілдерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің басшылығымен Жұмыс тобын құру көзделеді. Жұмыс тобының құрамын анықтау, мүшелердің рөлдері мен міндеттерін бөлу жоспарлануда.

Жұмыс тобы жұмысының нәтижелері бойынша стандарттардың мәртебесін, оларды Қазақстан Республикасында енгізу тәсілін, сондай-ақ ХҚЕС S1 және S2 стандарттары бойынша тиісті есептілік аудитін және аудиторлардың біліктілігін жүргізу тәсілдерін айқындау жоспарлануда.

Алдын ала стандарттарды кезең-кезеңмен енгізу жоспарланып отыр: бірінші кезеңде оларды қолдану компаниялар үшін ерікті сипатта болады, содан кейін міндетті қолдану көзделетін болады. Ерікті кезеңнің нәтижелері бойынша компаниялардың сипаттамалары мен олардың қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, біртіндеп және тиімді қолдануды қамтамасыз ету үшін стандарттарды енгізу кезінде міндетті негізде ескерілуі қажет ерекшеліктер мен

факторларды анықтау мақсатында алынған деректерді жинау және талдау жоспарланады. Сондай-ақ, ұйымдарға реттеушілік жүктемені төмендету үшін уақытша жеңілдіктер тізбесін айқындау жоспарлануда.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік компаниялардың ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын қолдануы кезінде қайшылықты нормаларды, есептіліктің қайталануын және ықтимал құқықтық коллизияларды болдырмау мақсатында ХҚЕС S1 және S2 талаптарын басқа елдердің заңнамасымен үйлестіру туралы шешім қабылдау жоспарлануда.

2-бөлім Стандарттарды аудару

Аударма, басып шығару және тарату процесін келісуді қоса алғанда, стандарттарды қазақ және орыс тілдеріне ресми аударуды ұйымдастыру мақсатында ХҚЕС қорымен өзара іс-қимыл көзделеді.

Стандарттарды енгізуге көзқарасты айқындау және заңнаманың, іскерлік практиканың және есептілікті дайындау практикасының ерекшеліктерін қоса алғанда, ұлттық ерекшелікті ескере отырып, олардың бейімделу мүмкіндігін қарау жоспарлануда, бұл ретте кез келген өзгерістер қосымша талдау мен талқылаудың нысанасы болады.

3-бөлім Қолданылу аясы және есептілік қағидаттары

Ұйымдардың өлшемдері мен қор биржасындағы мәртебесін қоса алғанда, стандарттар талаптарына сәйкес келетін компаниялар үшін өлшемдер мен шектерді айқындау болжанады. Есептілік шекараларына, форматына, ақпаратты орналастыру орнына және ұсыну мерзімдеріне қойылатын талаптарды белгілеу жоспарлануда.

Сондай-ақ қосарланған маңыздылық тәсілін қолдануға жол беру, ХҚЕС S1 және S2 және орнықты даму саласындағы ақпаратты ашып көрсетудің басқа да халықаралық стандарттары арасындағы интероперабельділікті қамтамасыз ету мәселелерін қоса алғанда, қосымша ашып көрсетулерге қойылатын талаптарды айқындау жоспарлануда.

4-бөлім Нормативтік актілерді әзірлеу және келісу

4-кезеңде стандарттарды енгізу туралы нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, жария талқылауға орналастыру және ISSB-мен өзара іс-қимыл жасау жоспарлануда. Стандарттарды енгізудің келісілген тәсілін әзірлеу үшін реттеушілер, қор биржалары, бизнес, кәсіби бірлестіктер және т.б. мүдделі тараптар өкілдерінің қатысуы көзделеді.

2027 жылдан бастап компаниялардың бірінші тобы үшін 2028 жылдан бастап міндетті қолдануға кезең-кезеңімен көшумен ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын ерікті қолдану мүмкіндігі көзделеді. Көрсетілген тәсілдер, енгізу мерзімдері мен параметрлері Жұмыс тобының жұмысы шеңберінде қосымша талқыланып және нақтыланатын болады.

5-бөлім Енгізу барысының мониторингі

Стандарттарды қолданбайтын ұйымдарды анықтауды және себептерді талдауды қоса алғанда, компаниялардың ХҚЕС S1 және S2 стандарттарына көшуінің ағымдағы жай-күйі туралы ақпарат жинауды ұйымдастыру көзделеді. Қажет болған жағдайда стандарттар талаптарын сақтауға ықпал ететін шараларды қолдану қарастырылады.

6-бөлім Ақпаратты оқыту және тарату

6-кезеңде ҚР Қаржы министрлігі жанынан халықаралық әріптестер мен донорлардың қолдауымен бірыңғай оқыту орталығын құру жоспарлануда. Мемлекеттік органдар мен компаниялардың қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру көзделеді. Кәсіби бірлестіктермен және халықаралық ұйымдармен ХҚЕС S1 және S2 стандарттары туралы білімді оқыту және тарату мәселелері бойынша белсенді өзара іс-қимыл жоспарланып отыр. Сондай-ақ, ХҚЕС S1 және S2 сәйкес есептілікті ұсыну үшін сандық таксономияны және онлайн-платформаны әзірлеу жоспарлануда.

Іс-шаралар, жауаптылар, мерзімдер көрсетілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы нарықтың дайындығын және ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын енгізудің үздік әлемдік тәжірибелерін зерделеу нәтижелері бойынша қалыптастырылған ұсынымдарды қамтитын Жол картасының толық нұсқасы осы құжатқа 2-қосымшада қолжетімді.

1-кесте. Қазақстанда IFRS (ХҚЕС) S1 және S2 стандарттарын енгізу жөніндегі жол картасы

#	Міндеті	Жауапты орындаушылар	Аяқталу нысаны	Жоспарланған жұмысты бастау (ай)	Жоспарланған орындау кезеңі (айлар)
1-бөлім Стандарттарды енгізудің реттеуші және ұйымдастырушылық аспектілері				1	13
1	Қазақстанда ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын енгізу жөнінде шешімдер қабылдау үшін Жұмыс тобының құрамын, мүшелердің рөлі мен міндеттерін айқындау және ҚР ҚМ басшылығымен Жұмыс тобын (бұдан әрі – ҚР-да ХҚЕС S1 және S2 енгізу жөніндегі жұмыс тобы) құру	ҚР ҚМ	Жұмыс тобын оқыту	1	2
2	ҚР-да ХҚЕС S1 және S2 енгізу жөніндегі жұмыс тобы үшін ХҚЕС S1 және S2 стандарттары бойынша оқыту жүргізу	Жұмыс тобы	Жұмыс тобының хаттамасы	3	1
3	Стандарттардың Қазақстанда қолдануға міндетті немесе рұқсат етілетіні туралы шешім қабылдау	Жұмыс тобы	РӘТ қорытындысы	4	1
4	Кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты ХҚЕС S1 және S2 стандарттарының реттеушілік әсеріне (РӘТ) талдау жүргізу (ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 82-бабына сәйкес)	Жұмыс тобы	Жұмыс тобының хаттамалық шешімі	4	6
5	РӘТ нәтижелерінің негізінде ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын енгізу тәсілі туралы шешім қабылдау: 1) қолданыстағы НҚА-ға өзгерістер енгізу арқылы; 2) стандарттарды қолдану міндеттілігін айқындайтын жаңа НҚА әзірлеу арқылы	ҚР ҚМ, Жұмыс тобы, ҚНРДА, АІХ, KASE	Жұмыс тобының хаттамалық шешімі	9	4
6	Есептілік бойынша қайшылық талаптарды болдырмау үшін климат және орнықты даму саласындағы есептілік бойынша қолданыстағы әдіснамалық құжаттарға өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы шешім қабылдау	Жұмыс тобы	Жұмыс тобының хаттамалық шешімі	13	1
7	Есептілік бойынша қайшылық талаптарды болдырмау үшін басқа елдердің заңнамалары мен ХҚЕС S1 және S2 талаптары арасындағы өзара іс-қимыл туралы шешім қабылдау	Жұмыс тобы	Жұмыс тобының хаттамалық шешімі	4	2
8	ҚР-да S1 және S2 ХҚЕС стандарттарын міндетті қолдануды бастау күні туралы шешім қабылдау	Жұмыс тобы	Жұмыс тобының хаттамалық шешімі	4	1
9	ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын енгізу процестері бір мезгілде жүргізілетіні туралы шешім қабылдау	Жұмыс тобы	Жұмыс тобының хаттамалық шешімі	4	1

#	Міндеті	Жауапты орындаушылар	Аяқталу нысаны	Жоспарланған жұмысты бастау (ай)	Жоспарланған орындау кезеңі (айлар)
10	Өтпелі кезең ішінде талаптарды дәйекті кеңейтуді көздей отырып, стандарттарды кезең-кезеңмен енгізу туралы шешім қабылдау.	Жұмыс тобы	Жұмыс тобының хаттамалық шешімі	4	1
11	ХҚЕС S1 және S2 стандарттарына сәйкес дайындалған есептілік аудитін жүргізуге қойылатын талаптар туралы шешім қабылдау	Жұмыс тобы	Бекітілген нормативтік құжат	4	1
12	ХҚЕС S1, S2 стандарттары бойынша аудиторлардың біліктілігі мен лицензиялау және олардың құзыреттерін бақылау қағидаларын әзірлеу	0	0	8	6
2-бөлім ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын аудару жөніндегі іс-шаралар				3	8
13	Жобаның кураторы (ҚР ҚМ) ХҚЕС қорының Translation, Adoption and Copyright (ТАС) командасымен стандарттарды орыс және қазақ тілдеріне ресми аударуға (стандарттардың түпнұсқа мәтіндерін дереккөз ретінде пайдалана отырып) сұрау салумен байланыс орнатсын және аударма, басып шығару және тарату процесі туралы келісім жасассын.	Жұмыс тобы	Аударуға арналған лицензия, аударуға арналған бюджет	3	1
14	Стандартты аударуға және таратуға лицензия сұрату, аударуға бюджетті қалыптастыру	Жұмыс тобы	Орыс және қазақ тілдеріне аударылған стандарт	3	2
15	Стандарттарды қазақ және орыс тілдеріне аудару	ҚМ, мүдделі мемлекеттік органдар және бизнес-қауымдастықтар, бейінді министрліктердің заң департаменттері	Уәкілетті орган бекіткен және НҚА-ға сілтеме жасауға жарамды келісілген терминологиялық құжат (гlossарий) және алшақтықтар тізілімі, тәуекелдерді заңды бағалау және өзгерістер ұсыныстары бар талдамалық есеп.	5	3
16	ХҚЕС S1 және S2 стандарттары терминологиясының Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасы терминологиясымен салыстырмалылығына тексеру жүргізу	Жұмыс тобы	Көпшілік консультациялар хаттамалары	6	2

#	Міндеті	Жауапты орындаушылар	Аяқталу нысаны	Жоспарланған жұмысты бастау (ай)	Жоспарланған орындау кезеңі (айлар)
17	Стандарттарды қазақ және орыс тілдеріне аударғаннан кейін 2–3 ай ішінде көпшілік консультациялар өткізу	Жұмыс тобы	Жұмыс тобының хаттамалық шешімі	8	3
18	Стандарттарды қабылдау кезінде стандарттардың түпнұсқа мәтіндері тек орыс және қазақ тілдеріне аударыла ма немесе олар жергілікті ерекшелікті ескере отырып түрлендіріле ме деген шешім қабылдау	0	0	7	1
3-бөлім ХҚЕС S1 және S2 стандарттары бойынша қолдану аясы және есептілік қағидаттары				4	15
19	ХҚЕС S1 және S2 стандарттарының енгізілетін талаптарына (мысалы, компанияның өлшемдері, биржадағы компанияның бағалы қағаздарының листингі және т.б.) түсетін ұйымдар топтарын іріктеу үшін өлшемдер мен шектер туралы шешім қабылдау	0	0	4	3
20	ХҚЕС S1 және S2 стандарттары бойынша есептілік шекараларына қойылатын талаптар туралы шешім қабылдау	Жұмыс тобы	Жұмыс тобының хаттамалық шешімі	5	1
21	ХҚЕС S1 және S2 стандарттарында талап етілетін ақпаратты орналастыру (Қаржылық Есептілік (ФО) ішінде немесе жеке есеп ретінде) және оны ұсыну мерзімдері (ФО-мен бір мезгілде) туралы шешім қабылдау	Жұмыс тобы	Жұмыс тобының хаттамалық шешімі	5	1
22	ХҚЕС S1 және S2 (мысалы, GRI) стандарттарында көзделгендерден тыс қосымша ашып көрсетулерге рұқсат етілетіні туралы шешім қабылдау	Жұмыс тобы	Жұмыс тобының хаттамалық шешімі	5	1
23	ХҚЕС S1 және S2 стандарттарында көзделген ақпаратты көлеңкелеуге жол бермеу туралы ХҚЕС S1 және S2 стандарттарының талаптарына сәйкес келетін айқын талап болуы туралы шешім қабылдау	ҚМ, мүдделі мемлекеттік органдар	Ұлттық компаниялардың есеп саясатына бекітілген өзгерістер, ХҚЕС S1 және S2 қолдану бойынша ішкі әдістемелік ұсынымдар, енгізу туралы пилоттық есептер.	5	1
24	Заңнамада белгіленген тәртіппен ХҚЕС S1 және S2 сәйкес есептілікті дайындау үшін ұлттық компаниялардың есеп саясатына өзгерістер енгізуді қамтамасыз ету	0	0	13	6

#	Міндеті	Жауапты орындаушылар	Аяқталу нысаны	Жоспарланған жұмысты бастау (ай)	Жоспарланған орындау кезеңі (айлар)
4-бөлім ХҚЕС S1 және S2 енгізу бойынша НҚА жобасын әзірлеу және қабылдау				13	6
25	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің деңгейінде ХҚЕС S1 және S2 стандарттарына сәйкес есептілікті ерікті түрде ашып көрсету туралы НҚА жобасын әзірлеу.	Жұмыс тобы	Бекітілген НҚА	8	2
26	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің деңгейінде ХҚЕС S1 және S2 стандарттарына сәйкес есептілікті ерікті түрде ашып көрсету туралы НҚА жобасы келісілсін.	Жұмыс тобы	Жұмыс тобының хаттамалық шешімі	9	4
27	ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын енгізу туралы НҚА жобасы ағымдағы (S1 және S2 ХҚЕС) және болашақ ISSB (S3, S4, т.б.) стандарттарына қолданыла ма деген шешім қабылдау	Жұмыс тобы	Жұмыс тобының хаттамалық шешімі, НҚА жобасы	4	1
28	ХҚЕС S1 және S2 енгізу үшін заңнамаға өзгерістер енгізу	Жұмыс тобы	Бекітілген НҚА	13	2
29	ХҚЕС S1 және S2 бойынша есептілік стандарттарын енгізу туралы ағымдағы заңнамаға өзгерістер енгізу туралы НҚА жобасын келісу (НҚА жобасын жария талқылау үшін ҚР ҚМ ресми сайтында орналастыру және т.б.)	Жұмыс тобы	Қазақстанның Jurisdictional Working Group ISSB жұмысына ресми рәсімделген қатысуы, ISSB-мен консультациялар және кері байланыс хаттамалары	13	12
30	ISSB Jurisdictional working group-пен заңнамалық деңгейде ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын бекіту бойынша өзара іс-қимылды қамтамасыз ету. 3.1. Ұлттық Жұмыс тобын құрғаннан кейін (№ 1 міндетті қараңыз), оған ISSB-мен өзара іс-қимылды үйлестіру функцияларын бекіту. 3..2 Стандарттарды бейімдеу бойынша шоғырландырылған ұстанымды әзірлеу үшін реттеушілер, қор биржасы, бизнес және кәсіптік бірлестіктер өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету. 3.3 Қазақстандық кейстер мен ұсыныстарды бере отырып, ISSB-мен консультацияларға және кері байланысқа қатысу.	0	0	3	46

#	Міндеті	Жауапты орындаушылар	Аяқталу нысаны	Жоспарланған жұмысты бастау (ай)	Жоспарланған орындау кезеңі (айлар)
5-бөлім ХҚЕС S1 және S2 енгізу барысының мониторингі				3	46
31	ХҚЕС-ке көшпеген, бірақ ХҚЕС S1 және S2 талаптарына сәйкес келетін заңды тұлғалардың санын анықтау, сондай-ақ көшпеу себептерін анықтау жөнінде жұмыс жүргізу. ҚР-да ХҚЕС S1 және S2 енгізу жөніндегі жұмыс тобына ұйымдардың ХҚЕС-ке көшу жағдайы туралы ақпарат жинауды және ұсынуды ұйымдастыру.	0	0	19	30
32	ХҚЕС S1 және S2 талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған санкциялық шаралардың қолданылуын қарастыру	0	0	4	1
6-бөлім ХҚЕС S1 және S2 туралы ақпаратты оқыту және тарату				7	42
33	ХҚЕС S1 және S2 стандарттарын орыс және қазақ тілдерінде ашық қолжетімді онлайн-платформада орналастыру	ҚМ, мүдделі мемлекеттік органдар	Онлайн-платформа	8	2
34	ҚР Қаржы министрлігі жанынан халықаралық әріптестердің/донорлардың қолдауымен мемлекеттік реттеуіштер мен S1 және S2 ХҚЕС әрекетіне түсетін компаниялардың қызметкерлерін оқыту үшін онлайн-платформа құру.	ҚМ, мүдделі мемлекеттік органдар	Оқыту іс-шараларының жоспары, материалдарды жариялау	7	3
35	ХҚЕС бойынша оқыту мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, бухгалтерлердің халықаралық және кәсіби ұйымдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру	ҚМ, мүдделі мемлекеттік органдар	Уәкілетті органның ресми алаңында жарияланған ХҚЕС S1 және S2 стандарттары туралы бекітілген материалдар мен әдістемелік ұсынымдар	7	42

#	Міндеті	Жауапты орындаушылар	Аяқталу нысаны	Жоспарланған жұмысты бастау (ай)	Жоспарланған орындау кезеңі (айлар)
36	ХҚЕС S1 және S2 стандарттары туралы материалдарды әзірлеу және бекіту	ҚМ, мүдделі мемлекеттік органдар	ISSB таксономиясына сәйкес машинамен оқылатын форматта ХҚЕС S1 және S2 стандарттарына сәйкес есептілікті жасау жөніндегі компаниялар үшін әдістемелік нұсқаулар және ХҚЕС S1 және S2 бойынша есептіліктің ұлттық платформасы	8	3
37 а)	ХҚЕС S1 және S2 сәйкес есептілікті ұсыну үшін цифрлық таксономияны және онлайн-платформаны әзірлеу	ҚМ, мүдделі мемлекеттік органдар	ISSB таксономиясына сәйкес машинамен оқылатын форматта ХҚЕС S1 және S2 стандарттарына сәйкес есептілікті жасау жөніндегі компаниялар үшін әдістемелік нұсқаулар және ХҚЕС S1 және S2 бойынша есептіліктің ұлттық платформасы	10	3
37 б)	ХҚЕС S1 және S2 сәйкес есептілікті ұсыну үшін цифрлық таксономияны және онлайн-платформаны әзірлеу			37	12

